

ЖШС «Нұр- Бебек» мектепке дейінгі шағын орталығының педагогикалық
көзесі отырысының хаттамасы №1

27.08.2021 жыл

Шымкент қаласы

Төрайымы - Т.А.Төлен
Хатшысы - А.Базарбаева
Қатысқандар – 10

Күн тәртібі

1. Жаңа оқу жылындағы балабақша қызметінің негізгі бағыттары
- Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс қорытындысы
- Жаңа оқу жылының топтарының кешенді тексеру қорытындылары
- Жаңа 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарын бекіту
- Сабактар кестесін, мамандардың жұмысын перспективалық жоспарларын, вариативтік компоненттерді бекіту.

1. Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша орталық әдіскері жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыстардың жоспар бойынша жүргізілгендігі жайлы айтып өтті.

Жазғы маусым жоспарында балабақшада қолайлы жағдай туғызу барысында 5 қағида (қолжетімділік, жүйелілік пен реттілік, ақпараттылық пен көрнекілік, динамикалық) қағидалар ескерілді.

Жазғы маусым жоспарының негізгі мақсаты – балалардың денсаулығын нығайту, демалысты тиімді пайдалану, олардың өмірі мен денсаулығын қорғау, аурудың және жарақаттың алдын алу.

Жоспар бойынша төмендегі міндеттер белгіленді:

- Әр баланың физикалық, шығармашылық- эстетикалық дамуына қолайлы жағдай жасау,
- Балалардың сауықтыру және физикалық дамуын, рухани тәрбиесін, білімпаздылығын және танымдық белсенділігін дамытуға, мәдени- гигиеналық машықтарын және еңбек дағдыларын дамытуға бағытталған іс- шаралар жүйесін іске асыру. Аяу райының қолайлы жағдайларын/ аяу, күн және су/ балалардың денсаулығын нығайтуға қолдану. Шынықтыру іс- шараларын, мәдени- гигиеналық машықтарын, қымыл белсенділігін таза ауада іске асыру. Жазғы сауықтыру жұмыстарын жүргізу барысында «Дені саудың жаны сау» спорттық эстафеталық ойын, «Күн, аяу, су –біздің достарымыз» сауықтыру іс-шарасы, «Су патшалығында қонақта» Нептун күніне арналған мереке, «Күм мерекесі», «Менің сүйікті ойыншығым», «табиғатқа қамқорлық жасайық», «Әдептілік әлемінде», «Бақытты балалақ шақ» іс- шаралары өз дәрежесінде өткізілді. Жалпы жазғы сауықтыру кезеңі жоспарға сай өз дәрежесінде өтті.

Сөз сөйлегендер:

1. А.базарбаева өз сөзінде жазғы маусымның өте қызықты өткендігі және түрлі іс- шаралардың өткізілгендігін атап көрсетті. Эсірессе балалар үшін биылғы жазғы сауықтыру кезеңі түрлі іс- шаралар мен мерекелерге толы болды. Сонымен қатар балалар республикалық конкурстар мен сайыстарға қатысып жүлделі орындарға ие болды. Мұның өзі үлкен жетістік деп білемін.

2. М.Изтилеуова жаз маусымы түрлі іс- шараларға толы болды, балалардың есте қаларлық ойындары, қойылымдары, бассейндегі шомылулары мен ондағы түрлі ойындары, асфальтта сурет салулары мен шебер қолдар үйірме жұмыстары т.б. іс- шаралар қызыққа тола болды.

Күн тәртібіндегі қалған мәселелер бойынша менгерушісі Т.А.Төлен төмендегі жайттарға тоқталып өтті.

Жаңа оқу жылында топтар толық тексеруден өтті, барлығы үш топ, оларда 70 бала.
Топтардың тәрбиешілері түгел өз жұмыстарында.

2021- 2022 оқу жылының жылдық жоспары төмендегі бөлімдерден тұрады:

- «Малика» орталығының техникалық құжаттары мен материалдық базасының сипаттамасы.
- Кадрлармен жұмыс.
- Балалармен жұмыс.
- Оқу- тәрбие жұмысын бақылау және оны басқару.
- Педагогикалық қызметті отбасымен бірлесе ұйымдастыру.
- Балалардың өмірі мен денсаулығын нығайту, қорғау жөніндегі жұмыс.
- Әкімшілік- шаруашылық жұмыс.

Осы бөлімдер бойынша жаңа оқу жылды жоспарында барлық орындалатын жұмыстар толығымен қамтылған.

Сабак кестесі стандартқа сай түзілген, ал вариативтік компонент бойынша сағаттар «Ертегілер елінде» және «Өнерлі баламыз» үйірмесіне беріліп отыр.

Сөз сөйлегендер:

1. Изтилеуова М. беріліп отырған сабак кестесі дұрыс жасалынған, стандартқа сай, вариативтік компонент сағаттары дұрыс бөлінген.
2. Айдарова Ж. жаңа оқу жылдының жоспарында барлық бөлімдер толық қамтылған, сағат сандары дұрыс бөлінген, көңілге қонарлық.

Қауалы етті:

1. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыстары қанағаттанарлық деп есептелінсін.
2. Жаңа оқу жылдының топтарының тексеру қорытындысы мақұлдансын.
3. Жаңа 2021- 2022 оқу жылдының жылдық жоспары бекітілсін.
4. Сабактар кестесі мен вариативтік компонент сағаттары бекітілсін.

Төрайымы

Хатынысы



Т.А.Төлен

А.Базарбаева